

ӘӨЖ 378.147:048

**ЖЕКЕ КӨЗҚАРАСТАР МЕН ҰСТАНЫМДАРДАҒЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Уралбаева Шолпанай Куанышбаевна

shopik_8484@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ. Философия кафедрасының оқытушысы,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Аңыз бойынша бір жолаушы дала кезіп жүріп, тас қопарып жатқан адамдарға жолығады. Олардың бірі қажыған, жүзі солғын, екіншісі сергек те көңілді екен. Жолаушының «Не істеп жүрсіңдер?» деген сұрағына әлгі қажыған адам «Көрмейсің бе? Тас қопарып жатырмыз!» дейді, ал екіншісі «Ғибадатхана салып жатырмыз» деп жауап береді.

Әрбір адам жеке тұлға болғандықтан оның мінез-құлқы өзіне тән ерекшеліктермен сипатталады. *Мінез* деген психологиялық қасиеттің төркіні *характер* деген грек сөзінен шыққан. Оның негізгі мағынасы *із қалдыру* деген мағынаны білдіреді. Сондықтан, мінез дегеніміз әрбір адамның жеке басына тән даралық ерекшелік екенін ғылым тарихында алғаш рет сипаттап жазған - ертедегі грек философы Теофраст. Ол мінез-құлықты адамның адамгершілік сапасына тән қасиет деп көрсеткен[1].

Адамның мінез-құлқы оның бойында қалыптасқан сенімдерге байланысты. Адам өзін қоршаған әлемді осы сенімдер арқылы қабылдап, қандай да бір оқиғаға қатысты өзі үшін маңызды образды жасайды. Адамның қоршаған ортаны қабылдауындағы көзқарастардың ықпалы өте зор, өйткені көзқарастардың өзгеруі қоршаған ортаны қабылдау мен мінез-құлқтың өзгеруіне де әсер етеді. Сенімдердің, көзқарастардың қалыптасуына адам жүйкесінің ажырамас бөлігі болып табылатын баға беру, бағалау бейімі ықпал етеді. Өйткені, адам кез-келген құбылысты, нысанды көрген сәттен бастап, оның санасында осы құбылысқа, нысанға қатысты бағалау процесі жүріп жатады. Нысандарды, адамдарды, құбылыстарды, жалпы қоршаған ортаны сипаттау кезінде адам «жақсы» немесе «жаман» деген тұрғыдан бағалау жасайды. Яғни, біздің сенімдеріміз, көзқарастарымыз – біздің қоршаған ортаға қатысты психикалық реакциямыз.

Симпатия немесе антипатия – санада туындайтын образ ешбір нақты себептер болмаса да қалыптаса алады. Оны адамның санасындағы сенімдерден-ақ байқауға болады, мысалы адам кейбір құбылыстар туралы білетіні соншалықты аз болғанына қарамастан, оларға қатысты алдын-ала жағымсыз немесе жағымды көзқараста болады. Егер, эстрадалық орындаушы туралы алғашқы реакциямыз жағымды болса, одан әрі біздің назарымыз оның жақсы жақтарына көбірек ауады, егер, керісінше, әнші алғашқыда жағымсыз әсер қалдырған болса, біз оның жағымсыз жақтарын ғана байқайтын боламыз.

Қалыптасқан көзқарастар мен ойлау қабілетінің арасында екі бағытты байланыс бар. Бір жағынан, ойлау арқылы көзқарастар қалыптасады, екінші жағынан көзқарастар ойға, пікірге, сенімге ықпал етеді. Пікір, көзқарастар сананың қабылдау үдерістерінің бағытын анықтайды. Көбіне, келіп түсіп жатқан ақпараттардың барлығын талдап, ой елегінен өткізуге уақытымыз да, күш-жігеріміз де жеткіліксіз болып жатады. Сондықтан, қандай да бір әлеуметтік маңызы бар нысан бойынша шешім қабылдау қажеттігі туындаған сәтте, адам ол туралы түрлі ақпараттар мен фактілерді жинақтап, дұрыс-бұрысын анықтап алудың орнына «төте жолды» таңдайды, яғни санасында бұрыннан қалыптасқан көзқарасқа, пікірге жүгінеді, сол бойынша шешім қабылдайды.

Сенім біздің пікіріміз бен көзқарасымызды анықтап, өзіміздің «Мен» туралы түсінігімізді қалыптастырады. Ол біздің кім екеніміз, қандай екеніміз туралы ақпаратты қоршаған ортамызға да, өзімізге де көрсетеді. Біздің «Менімізді» анықтайтын сенімдеріміз бен өзімізді өзіміздің қабылдауымыз да мінез-құлқымыз бен әралуан нысандар мен құбылыстарға деген қатынасымызға, пікірімізге, көзқарасымызға әсер етеді.

Көзқарастар – адамның өз өмір-тәжірибесінде қол жеткізген идеялары, білімдері, теориялық тұжырымдар мен болжамдар ретіндегі қабылдаулары. Олар табиғат пен қоғам құбылыстарын түсіндіріп, адамның мінез-құлқының, іс-әрекеттерімен қатынастардың бағыт-бағдары қызметін атқарады[2].

Біздің сенімдеріміз (қалыптасқан көзқарасымыз) – алған білімдерімізге, өмірлік тәжірибемізге, нанымдарымызға негізделген пікірлеріміздің тұрақты жүйесі. Тереңірек мағынада алатын болсақ, өзіміз қабылдайтын және өзіміз ұстанатын бағыт, қоршаған әлемнің біздің санамыздағы образы, бейнесі. Сонымен қатар, адамның әлем туралы, өмір туралы, өзге адамдар туралы және өзі туралы негізгі түсініктері. Адам өз сенімдерінің, яғни қалыптасқан көзқарастарының көмегімен өмірдегі өз бағдарын таниды және сол бойынша шешімдер қабылдайды. Оның көзқарастары, сенімдері дұрыс және анық болса, оның қабылдайтын шешімдері де дұрыс, анық, қол жеткізген нәтижелері де табысты болмақ. Егер оның пікірі, көзқарасы жаңсақ болса, ол көптеген қателіктерге бой алдырады.

Сонымен қатар, дінге негізделген сенімдер туралы да айтпай кетуге болмайды. [3]. Адам барлық ұғымдарға күмәнмен қарап, бұрыннан белгілі мәселелерге қайта-қайта орала бермейтіні белгілі, өйткені оған ақыл да уақыт да жетпесі анық. Тиісінше, санамыздағы қалыптасқан пікір түріндегі көзқарастарымызға жүгінеміз, олар бізге қандай да бір жағдайда дұрыс бағдар береді, алдымызда туындаған проблеманы шешу үшін не істеуіміз керектігін анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, біздің пікірлеріміз – біздің өмір жолындағы сапарымыздың бағыт-бағдарын анықтайтын карта деуге болады. Бірақ, бұл карта бізге шынайы өмірді дәл және айна-қатесіз көрсетпейді. Ол бізге шынайы өмірдің тек жеңілдетілген моделін ғана көрсетеді, ал оның қаншалықты дәл екендігі біздің сенімдеріміздің қаншалықты саналы екендігіне байланысты. Біздің пікірлеріміздің қаншалықты саналы екендігі біздің оны қаншалықты жақсы түйсінетіндігімізге байланысты. Біздің көзқарасымыз қандай білімдерге, (дәлелденген) тәжірибеге негізделеді? Олар қаншалықты саналы, қаншалықты пайдалы және қаншалықты сараланған? Көптеген пікірлер қандай да бір құбылыстарға деген «соқыр сенімге» негізделеді. Кейбір құбылыстарға біз оның саналылығы, шындыққа жанасатындығы, пайдалылығы үшін емес, әбден етіміз үйреніп кеткендіктен және өзімізге ұнайтын болғандықтан да сенеміз. Мысалы, өлгеннен кейінгі өмірге (жұмаққа) сенгіміз келетін болса, біз оған сенеміз. Өйткені, біздің сенгіміз келеді, бұл бізге ұнайды және бізге қолайлы. Сонымен қатар, біз жұмаққа түсу үшін белгілі бір қағидаларды, шарттарды орындау қажет екендігіне сенеміз. Яғни, біздің сенетін мақсат-мұратымыз біздің қазіргі мінез-құлқымызды анықтайды. Бірақ, біздің қазіргі мінез-құлқымыз біздің қазіргі мүдделерімізбен сәйкес келмеуі мүмкін. Осыған қарамастан, көптеген адамдар өздерінің мінез-құлқын санасындағы мінсіз мінез-құлқтың үлгісімен салыстырып, діни сенім мен діни ұстаным, діни шарттарды мүлтіксіз орындау қазіргі өмірдің де, о дүниедегі өмірдің де сапасын қамтамасыз етеді деп сенеді. Яғни, олар өз мінез-құлқының дұрыстығын дәл қазір қол жеткізуге болатын нәтижелермен емес, өзінің санасындағы сенімімен өлшейді.

Өмірде мұндай мысалдар өте көп, өйткені адамдардың барлығы да әлденеге сенеді, өйткені өмірдегі көрген-білгені, естігені, оқығаны, бастан кешкені, осының барлығы оның пікіріне негіз болып қалыптасады, бірақ осы пікірдің барлығы да саналы, ой елегінен өткен, пайдалы деп айтуға болмайды. Соған қарамастан олар санаға барынша сіңіп, орныққан, тұрақты пікірге айналады.

Біздің кейбір пікірлеріміз өзінің қисынсыздығына қарамастан, қоғамдық пікірдің ықпалымен белгілі бір мағынаға ие болып, бірден-бір және мызғымайтын заң немесе қағида ретінде санамызға терең орнығып алуы мүмкін. Өйткені қоғамдық пікірдің маңызы адамдар үшін өте зор. Мысалы, адам өтірік айту – жаман іс, күнә деген пікірді ұстанады да, бұл мәселе жөніндегі ешбір өзгеше пікірге құлақ аспайды. Тіпті, оған кей жағдайларда өтірік айтудың пайдасы да бар екенін, мүлдем өтірік айтпау мүмкін емес екендігін қанша түсіндірсеңіз де, дәлелдесеңіз де оның пікірін өзгерту өте қиынға түседі. Өйткені, оның бұл сенімі санасындағы әлем бейнесінің ажырамас бөлігі, оның бар өмірі осы сенімге негізделген. Оның осыған дейін қабылдаған шешімдері, қазір де қабылдап жүрген шешімдерінің барлығы осы сенімге негізделген. Ол алдағы болашақта қабылдайтын шешімдерін де осы тұрғыдан қабылдайтынын алдын ала жоспарлап қойған. Осының барлығын бір сәтте өзгерту мүмкін бе? Егер, ол осы сенімінен бас тартатын болса, онда ол өзінің көптеген көзқарастарын да өзгертуі тиіс болар еді. Өзінің осыған дейінгі өмір тәжірибесінде қабылдаған көптеген шешімдерін де қайта қарауға мәжбүр болар еді. Осыған дейінгі пікірінің бұрыс болғанын, көптеген шешімдерінің қате болғанын сезіну оған тым ауыр тиер еді. Осы уақытқа дейінгі ой-пікірінің, түсінігінің қате болғанын, қаншама күш-жігері зая кеткенін ойлап, күйзеліске ұшыраған болар еді. Сондықтан да, көптеген адамдар өзіне қолайлы, үйреншікті көзқарас, пікірлерін өзгерткісі келмейді. Бұл ретте тағы бір жай туралы айта кеткен жөн болар еді – адамның санасындағы Эго. Адам өзінің кемшіліктерін, қателіктерін, білместіктерін оңайшылықпен мойындағысы келмейді. Өйткені, бұл оның өзін-өзі бағалауын, беделін төмендетіп, өз күшіне, қарым-қабілетіне сенімділігін кемітеді. Өзін өзгелерден артық деп сезінген ішкі сенімі күйреп, алдағы уақытта шешімдер қабылдау

кезінде сенімсіздік пайда болады. «Енді қайттім?!» деген абдырау күйіне түсіп, маңайына жалтақтау пайда болады. Сондықтан да, өзінің білместігі мен қателіктерін мойындау өте қиынға түседі. Адамның сенімдері, көзқарастары дегеніміз оның тек көрген-білгені туралы мәліметтер ғана емес, оның тұлғасының, өмірінің айтарлықтай бір бөлігі.

Адамның санасындағы сенім қалай қалыптасады? Бұл үдеріске көптеген факторлар әсер етеді. Мысалы, отбасының ықпалы, мектеп қабырғасындағы, түрлі оқу орындарындағы алған білімінің, ұстаздардан алған тәлім-тәрбиенің ықпалы. Яғни, отбасындағы дәстүрлер, ата-аналар мен туған-туыстардың өзара қарым-қатынастары немесе халықтың ұлттық дәстүрлері, мәдениеті, әдебиеттің, ғылымның, өнердің ықпалы және т.с.с.

Мамандардың пікірі бойынша, адамның санасындағы құндылықтар мен сенімдер ол туғанға дейін қалыптасады екен. Оның тууы ата-анасы үшін асыға күтетін қуанышты оқиға ма, әлде қосымша бейнет, жүк, проблема деп күтіле ме? Ата-ананың өзара қарым-қатынасы қандай, олар бірін-бірі құрметтей ме? Олардың өзге адамдарға, жалпы өмірге көзқарасы қандай? Осының барлығы келешекте қандай да бір формада көрініс беретін болады[4].

Егер адамның өзі қандай да бір әрекеттің қолынан келетініне шүбәсіз сенсе, ол сол әрекетті шындығында да жүзеге асырады, керісінше, егер ол осы әрекеттің жүзеге асуы мүмкін емес деген сенімде болса, оның бұл пікірін өзгерту мүмкін емес деген пікір қалыптасқан. «Тым кеш», «Қолдан келер шара жоқ», «Маңдайға жазылғаны осы болса, көнеміз де...» деген сияқты үйреншікті пікірлер көбіне адамға кедергі келтіріп, оның бар әлеуетін толық қолдануына, дұрыс шешім қабылдауына, тығырықтан шығаратын дұрыс жолды табуына мүмкіндік бермейді. Біздің өзіміз туралы сеніміміз, қалыптасып алған көзқарасымыз оңайшылықпен өзгермейді және біздің күнделікті іс-әрекеттерімізге әсер етеді.

Мысалы, көптеген адамдар біздің көзқарастарымыздың қалыптасқан жүйесі өз денсаулығымызға тікелей немесе жанама түрде әсер ететінін мойындайды. Зиянды әдеттердің күшеюі, шаршаңқылық, имуналық жүйенің әлсіруі, стресстік күй сияқты денсаулықтың жалпы жағдайына кері әсер ететін керітартпа көзқарастарды анықтау айтарлықтай қиындық тудырмайды дейді мамандар. Сонда керітартпа сенімдердің орнына денсаулықтың жалпы жағдайына пайдасын тигізетіндей жағымды сенімдерге ие болу үшін не істеу керек? Өміріміздегі келеңсіздіктерден арылып, жаңаша көзқарас, тың қадамдар жасауға талпынған дұрыс па, әлде соқыр сенімнің жетегінен құтыла алмай, өмір бойы ішкі кикілжіңмен, сергелдеңмен өтуге көндіккен дұрыс па?

Біздің қалыптасқан сенімдеріміз біздің ақыл-ой қабілетімізді, денсаулық жағдайымызды, әлеуметтік байланыстарымызды, шығармашылық қабілеттерімізді, тіпті жеке басымыз бен отбасымыздың бақытын, өмірдегі табыстылығымызды түбегейлі түрде өзгерте алады, анықтай алады және қайта қалыптастыра алады.

Адам неге өзіне-өзі қанағаттанбай, маңайындағы адамдармен, қоғамда болып жатқан құбылыстармен қақтығыс жағдайына көп ұшырайды? Мұның себебі де біздің санамыздағы қалыптасып, орнығып алған жаңсақ көзқарастардың салдарынан туындайды. Біріншіден, санамыздағы қалыптасып алған көзқарастар өзгелердің көзқарасына сәйкес келмейді. Екіншіден, біздің ішкі қажеттіліктерімізге қарама-қайшы келіп жатады. Үшіншіден, санамыздағы қалыптасып алған көзқарастар еркін дамуымызға, адамдармен тіл табысуымызға кедергі келтіреді[5].

Әрине, мұндай күйге ешкімнің де тап болғысы келмейді, тап болған жағдайда одан тезірек арылғысы келеді. Санаған орнығып алған сенімдерден арылып, үйреншікті пікір-көзқарасымызды өзгерту үшін, өмірге басқаша қарайтын, жаңа ұстанымдарға ауысу үшін, өзімізбен және бізді қоршаған әлеммен үйлесімде болу үшін, өмірдің мәнін түсініп, бақытты өмір сүру үшін не істеу керек?

Бір қарағанда, бұл соншалықты қиын, күрделі, тіпті мүмкін емес сияқты болып көрінуі мүмкін. Алайда, бұл да санадағы орныққан көзқарастың ұшқыны. Адамның өз орнын табуына, өзімен және өзін қоршаған әлеммен үйлесім табуына апаратын жолды табуға болады. Ол үшін біз өзімізге кедергі келтіретін жаңсақ пікірлерімізден, теріс көзқарастарымыздан, керітартпа мінезімізден арылып, болашаққа үмітпен, сеніммен қарау

керек. Адамдарды бір-бірінен ерекшелеп тұратын өзіндік ірілі ұсақты мінез-құлықтары бар. Сол өзіндік болмыс қарым-қатынас кезінде айқындалатын белгілі. Ашу, өкпеленіш, қуану, мұнаю, сағыну, қулық, қастандық, арамдық, тағы сол сияқты қаптап жатқан түрлі мінез бәрімізге тән болғанымен, қоғамдағы, жұмыстағы, ортадағы, отбасындағы, жағдайларға байланысты ол әркімде әртүрлі көрініс табады.

Екінші бірінде кездесе бермейтін тағы бір қасиет - манипуляция. [6] Манипуляция адамдардың мүдделеріне қарсы әрекет ету арқылы оларды басқаруға ұмтылу десек те болады. Манипуляцияның ең жаман түрі - манипулятор адам өзгелердің ортасында қойдан жуас кейіпке кіріп, қарсыласынан басым түсу үшін көпшіліктің алдында оның ар ұятын айрандай төгуден тайынбайды. Өкінішке орай мұндай адамдар арамызда жүр. Алайда "адам аласы ішінде".

Біздер, адамдар, әртүрлі болғанымызбен жасайтын қателіктеріміз бір-біріне ұқсас. Мысалы жақсы жағымыздан гөрі жаман жағымызды тез байқап қалу көбімізде бар. "Досым жақсы адам" десеңіз, шынымен оның жақсы жағын көбірек көретін боласыз. "Жаман" дейкіші, одан жаман адам жоқ. Кемшіліксіз адам жоқ. Тек кемшілікті тере берген адам қоқыс іздеп жүргенмен бірдей. Өзгемен емес, өзімізбен алыссақ. Жеңетін де, жеңілетін де өзіміз. Әр адамның өзінің шегарасы болады. Бұзбайық оны! Әркім өз шегарасын "қасық қаны қалғанша" қорғағысы келеді. Біреудің шегарасына "баса көктеп кіру" тек тексізге ғана тән.

Моральдық-психологиялық тұрғыда төзімді адам өмірдің барлық ызғарына төтеп бере алатын адам екені айтпаса да түсінікті. Осы бір қасиетті талайлар бойына сіңіргісі келеді. Себебі мұндай қасиет көбімізде жоқ.

Біз өзгеремізбе немесе өзгерген кейіп танытамызба? Бұл екеуі екі бөлек дүние. Біз ата-анамызды алдай аламыз, бауырларымызды алдай аламыз, сүйген жарымызды алдай аламыз, адамдарды алдай аламыз, бірақ біз өзімізді алдай алмаймыз. Сіздің өмірлік ұстанымыңыз, мақсатыңыз қандай? Сіз үшін өмірде не маңызды? Осыларды ажыратып алмаған адам өмірде көп адасады. Ал біздің "компасымыз" жүрегiмiзде.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Феофраст. Характеры. - Ленинград.: Наука, 2014. -63 б.
2. Электрондық ресурс: <http://psihologanalitik.ru/psihologiya/vliyanie-ustanovki-na-povedenie#ixzz62bhc6Jxc>;
3. Дилтс Роберт – Изменение убеждений с помощью НЛП. Ағылшын тілінен аударған В.П. Чурсина. - Москва: Независимая фирма "Класс", 2017. 192 б
4. Электрондық ресурс: <https://psych.info/article/mirovozzrenie/ubezhdenija-cheloveka.html>
5. Дэвид Г.Майерс. Жан М. Туенж. - Әлеуметтік психология. Рухани жаңғыру. Ұлттық аударма бюросы. Астана 2018. 493б
6. Стивен Р. Кови. Жасампаз жандардың жеті дағдысы - Рухани жаңғыру. Ұлттық аударма бюросы. Алматы 2018. 233б.